
Кош келдің ,
әз-Наурыз !


ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ
ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



# НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

**Наурыз мейрамы** — ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша (наурыздың 22) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді.Көне парсы тілінде нава=жаңа + рәзаңһ=күн, «жаңа күн» мағынасында, қазіргі парсы тілінде де сол мағынамен қалған (но=жаңа + роуз=күн; мағынасы «жаңа күн»), яғни «жаңа жылды» (күн өсуін белгілеуі) білдіреді. 2010 жылдан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы «Халықаралық Наурыз күні» қарарына сәйкес 21 наурыз - Халықаралық Наурыз күні болып қабылданды.





## Наурыз мейрамының тарихы

Наурыз –көне мейрам. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған.Бұл мейрамды ежелгі гректер «су патрих»,бармалықтар «гүл мейрамы»,тәжіктер» гүл гардон», «бәйшешек»,»гүлнаурыз», Хорезмдіктер» наусарджи», Татарлар» нардуган», Буряттар»сагаан сара»,Сағдылықтар «наусарыз»,Армяндар»новосардиә, Чуваштар» норис ояхе» деп түрліше атаған.

# Наурыз туралы мағлұмат

***Наурыз-*** *бұл ежелгі түркі халықтарының жаңа жыл мейрамы. Парсы тілінен аударғанда «наурыз» сөзі «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Оны барлық түркі халықтары: қазақтар, қырғыздар, өзбектер, тәжіктер және т.б. атап өтеді.*

*Бұл мейрам күн мен түннің теңелген мерзімі 22 наурыз күні не сәйкес келеді.*

*Наурыз кезінде наурыз-көже дайындалады. Көже жеті тағамның қосындысынан тұрады: арпа, бидай, күріш, қара бидай, сүт, ет , май. Наурыз-көже – мейрамның, көктем келгендігінің белгісі.*

***Наурыз ерекшеліктері:***

*- Сіз келген күні таңертең ата, ағаларымыз қолдарына күрек. Ал аналарымыз құрт, ірімшік, сүт, піскен ет алып далаға шығады.*

*- Бұлақ көрсең көзін- аш- деп, ағаларымыз төңіректегі бастаулардың көзін ашады.*

*- Бір тал кесең, он тал ек- дескен қариялар бұлақбасына тал егеді. Ал әйелдер атып келе жатқан Күнге тәу етіп, “Армысың қайрымды Күн-Ана!”, - деп иіліп сәлем береді және кеудесі түкті жер-Ана, құт дарыт, жарылқа!- деп ашылған бұлақ көзіне май құйып, жаңа егілген ағаштарға ақ бүркеді.*

# Наурыз көже

Наурыз көже- ұлттық тағам. Келер жылғы молшылықтың жоралғысы ретінде наурыз тойында әрбір шаңырақта міндетті түрде әзірленген. Халықтық дәстүр бойынша оған бидай, тары, сүр ет, бұршақ, сүт, су, тұз сияқты кем дегенде жеті түрлі азықтық заттар міндетті түрде қосылуы тиіс. Тақ санын сақтап, мұндай заттар көбейтіле беріледі. Соғымнан арнайы сақталған мүшелер (қазы, қарта, шұжық, т.б.) де қосылады. Ол негізінен бидай көже, тары көже секілді әзірленген (қысқаша Көже). Наурыз көжені халық арасында "тілеу көже", "көп көже" деп те атай береді. Наурыз көжеге, наурызға арналып сойылған малдың кәделі асына Наурыз бата берілген соң, жиналған халық: "ақ мол болсын" деген тілек айтып тарқасады.





- **Наурыз көже**- ұлттық тағам. Келер жылғы молшылықтың жоралғысы ретінде наурыз тойында әрбір шаңырақта міндетті түрде әзірленген. Халықтық дәстүр бойынша оған бидай, тары, сүр ет, бұршақ, сүт, су, тұз сияқты кем дегенде жеті түрлі азықтық заттар міндетті түрде қосылуы тиіс. Тақ санын сақтап, мұндай заттар көбейтіле беріледі. Соғымнан арнайы сақталған мүшелер (қазы, қарта, шұжық, т.б.) де қосылады. Ол негізінен бидай көже, тары көже секілді әзірленген (қысқаша Көже). Наурыз көжені халық арасында "тілеу көже", "көп көже" деп те атай береді. Наурыз көжеге, наурызға арналып сойылған малдың кәделі асына Наурыз бата берілген соң, жиналған халық: "ақ мол болсын" деген тілек айтып тарқасады.
- **Жасалуы:** Ол үшін ең алдымен қазан толы сүтіңізді қайнатып, сүт піскеннен кейін оның бетіндегі қаймағын қалқып алып тастайсыз. Сүт әбден пісуге тақаған кезде, қыс бойы сақтаған сүріңізді салып жіберіп, 15 минуттай бетін жауып қоясыз. Аталған уақыт өткеннен кейін жеке ыдысқа пісіріп алған бидай, жүгері, тары, асбұршақ, күріш тәрізді коректік заттардың жеті түрін сүт пен етке араластырып тағы бір қайнатып аласыз. Асыңыз дәмді болсын!

[1]

# Салт-дәстүрлер

- Ұйқыашар. Наурызнамада қыз-жігіттер жиналып, бас қосып ұйқыашар әзірлейді. Ол ет, уыз сияқты дәмді тағамдардан жасалады. Қыздар өздерін ұнатқан жігіттеріне «Ұйқыашардан» дәм таттыратын болған. Мұның мәнісі жігіттердің ұйқысы сергек болсын деген ұғымнан туындаған. «Ұйқыашар» болашақ күйеулерге күш-қуат, махабат, нәзік сезім әкеледі деп те жеңгелері ырымдаған.
- Селтеткізер. Жігіттер қыз-келіншектерге сақина, сырға, айна, тарақ сияқты сыйлықтар береді. Оны селт еткізер деп атайды. Бұл дәстүрлі сыйлықтағы айна – пәктік пен жастықтың, тарақ – әдемілік пен сұлулықтың, иіссу – бүршігін жаңа жарған жауқазындай құлпырудың, жайнай түсудің белгісі.
- Белкөтерер. Наурыз күні қарттарға үлкен құрмет көрсетілген. Оларға арнап жылы-жұмсақ тағамдардан «белкөтерер» деп аталатын дәм дайындалып, ұсынылады. Үлкендер батасын береді

# 22 Наурыз

*Күн мен түн теңеліп, көктем күшін асырған Ұлы күннің жеріме, күнім көктей жайнаған!*
*Орманда құс сайрады жалындаған жастықтай Жаса Наурыз мейрамы!*

*Ақ тілек бейбітшілік аман болсын!*
*Елім, жұртым қадірлі аман болсын!*
*Туғандай бір анадан жамағаттар*
*Достыққа берік, мықты адал болсын!*
*Наурыз мейрамы құтты болсын!*

*Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!*
*Қайда барсақ жол болсын!*
*Ұлы халқым тоқ болсын!*
*Қайғы уайымы жоқ болсын!*
*Қуаныштары көп болсын!*





Ұлыстың ұлы күні
құтты болсын!
Наурыз